

У.Шапақ

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана

ҚАЛМАҚ ХАНДЫҚ БИЛІГІ**Саяси-құқықтық аспектісі**

В статье рассматриваются вопросы официального вхождения калмыков в общероссийскую политическую систему. Изучается процесс образования Калмыцкого государства в форме ханства в политико-правовом пространстве России. Анализируются правовые основы властных взаимоотношений калмыцких тайшей и царского правительства посредством шертеи.

Article considers question of kalmak's official entrance in common Russian political system. Author searches the process of creating kalmak state in form of khandyk in political law space of Russian and analyzes law base of power relation between kalmak taysheis and cesar's government by sherteis.

Қазіргі таңда саяси-құқықтық үрдісте мемлекеттік билік институттарын реформалауда саяси-құқықтық тәртіптің ұлттық дағдысына сай негіздерін қарастырмайды. Мемлекеттік билікті концепциялауда Қазақстан заң ғылымы мен саяси ғылымы ұлттық дәстүрді менсінбей, көбінесе батыс елдерінде бұрын жүргізілген реформаларға негізделіп, жалпы әмбебаптық өркениеттік модельге келістіру, басқаша айтқанда, мемлекеттік-құқықтық институттардың тарихи дамуын қарастырмай және ұлттық ерекшелігін ескермей, оларды түсініксіз, қазіргі мемлекет типіне сай емес, өзіндік айрықшылығы бар және заманға сай біркелкі сәйкестендірілген схемаға келмейді деп бастартатын болды.

Кез келген саяси-құқықтық билік қандайда мәдени өркениеттік кеңістікте өз ерекшелігімен тәнті етеді: олардың өзара жақындасуы (араласуы) ұлттың дәстүрлі тіршілік болмысын, әлеуметтік көзқарасын және мәнді саяси-құқықтық жүріс-тұрысы моделін жаңадан пайымдаумен түсіндіріледі. Демек, ұлттық саяси және құқықтық аясын институционалды қайта құру тұрғысынан қарауды талап етеді. Осы тұрғыдан Қазақ мемлекетінің көшпелі мемлекеттілікке сай өзіндік дәстүрі бар екендігін естен шығармаған дұрыс. Көшпелі қоғамның ұлттық саяси-құқықтық реттілігін мирасқорлықпен жалғастырушы және қолдаушы мемлекеттік билікті институционалды талдау қажет, яғни ұлттық және дәстүрлі құқықтық мәдениетінің бейімделу және қалыптасу сатысында дәстүрлі қоғамға тән әлеуметтік теңдікті, дәстүрлі мирасқорлық шеңберінде саяси жариялылық пен тұлғаның бостандығын ескере отырып сіңістіру, сәйкестендіру керек.

Саяси-құқықтық кеңістік дегеніміз — тікелей қоғамдық істі басқара отырып және жеке адамдар, әлеуметтік құрылымдар мен институттардың өзара саяси және құқықтық әрекеттесуін реттей келе, мемлекеттік билікті ұйымдастыра және жүзеге асыра алатын әлеуметтік субъектілер әрекеттесетін қоғамның өмір сүру аясы. Ол белгілі мемлекеттік-құқықтық режимді қамтамасыз ететін оның құқықтық, мәдени және рухани-адамгершілік тұғырын қамтыған әлеуметтік құрылымнан тұрады. Мемлекеттік билік белгілі уақытқа және геояүридикалық континуумға тәуелді, яғни билікті ұлттық кеңістіктегі құқықтық феномен ретінде қарастырса ғана нәтиже береді.

Осы ойды жалғастыра отырып, Ресей аумағына көшіп келіп, өз мемлекеттілігін құрған, мемлекеттік билік тарихы күрделі, сонымен қоса мемлекеттік билік институттары әлеуметтік-құқықтық және саяси кеңістікте тасымалданғанымен ерекшеленетін көшпелі Қалмақ хандығының өзіндік ұлттық мемлекеттік билік болмысын қарастырайық.

Ресей құрамында Қалмақ хандығы нысанында мемлекеттің құрылуы фактісі — Ресей империясының кіші халықтар тарихындағы ерекше және феноменалды құбылыс деп айтқан тарихшы-ғалым Г.О.Авляевтің пікірі [1; 325] ғылыми ортаны қызықтырады. Бірақ бұл төңіректе даулы сұрақтар көп.

1966 жылы М.Л.Кичиковтың «Исторические корни дружбы русского и калмыцкого народов. Образование Калмыцкого государства в составе России» атты еңбегі жарық көрген. Бұл еңбекте XVII ғасырдың 50–60-жылдары Төменгі Еділде қалмақ мемлекеттілігі, яғни хандық нысанда, құрылды, оның «негізін қалаушы» Дайчин мен Мончак тайшы деп жазған. Автор өзінің байламын дәлелдеу үшін келесі дәйектерді келтіреді: қажетті территория алынды; ұлыстағы билік жоғарыда аталған басшы (ахалакчи) екі тайшының қолына шоғырланды; Ресей құрамында хандықтың құрылғаны туралы

патша үкіметі мойындады, яғни 1664 жылы жаз айында Мончак тайшке мемлекеттік билік белгісі ретінде «алтынмен көмкерілген, яшмамен безендендірілген күміс түйреуіш және Ресей мемлекетінің елтаңбасы бар патша белгісі», сонымен қоса құнды сыйлықтарды тарту етуімен түсіндіріледі [2].

Тарихшы П.С.Преображенская 1968 жылы «Вопросы истории» журналының 8 нөмірінде бұл кітапқа сын-пікір білдіреді. Ол еңбектің маңыздылығын, құндылығын бағалай келе, М.Л.Кичиковтың келтірген дәйектеріне қарсы былай деп өз аргументтерін келтірді: XVII ғасырдың бірінші жартысында қалмақ тайшылардың ішінде Далай-Батыр, Хо-Орлюк сияқты басқа да басшы ірі тайшылар болған; түйреуіш пен мемлекеттік белгі Қырым хандығына қарсы шабуылда табысқа жеткен қалмақ аттыларына білдірген құрметі болатын дей келе, XVIII ғасырдың басында Аюк-тайштың кезінде Қалмақ хандығының құрылғандығы туралы деректі жөнді, жан-жақты қарастырмағанын тілге тиек етеді. Бұл екеуінің арасындағы дау мәресіне жетпеді, ғылыми ортада жалғасын таппады.

Қалмақ хандығы тарихына қатысты кейбір мәселелерді Н.Н.Пальмовтың, П.С.Преображенскаяның, И.Я.Златкиннің, Т.И.Беликовтың, В.Ш.Бембеевтің және тағы басқалардың еңбектерінен байқауға болады [3–7]. Ресей мемлекеті құрамында құрылған Қалмақ хандығы тарихын кеңінен жан-жақты қарастырған еңбек ұжымдық авторлықпен жазылған «Очерки истории Калмыцкой АССР. Доктябрьский период» монографиясы еді. Аталмыш монографияның IV (авторлары Н.В.Устюгов, М.Л.Кичиков, Т.И.Беликов) және V тарауы (авторлары М.Я.Попов, Н.В.Устюгов) бұл мәселеге арналған. Кейін келе У.Э.Эрдниев [8], Г.О.Авляев [1;320], К.Н.Максимов [9;524] сияқты ғалымдардың арнайы еңбектері жарық көрді.

Қалмақ және торғауыттардың Ресей территориясына қоныс тебуімен, патша үкіметі мен қалмақ тайштер арасындағы саяси және әскери қатынас жайлы тарихи еңбектерде жан-жақты кеңінен қарастырылып жүргенімен хандықтың пайда болу мезгіліне қатысты, оның Еділ өңірінде өмір сүрген уақытына байланысты сұрақтар құқықтық тұрғыдан сараланбады, Ресей құрамындағы жеке дара мемлекет ретінде қарастырылмады.

Қазан төңкерісіне дейінгі авторлар В.М.Бакунин, Б.Я.Иакинф, Н.И.Нефёдев, К.Костенков, М.Новолетов, А.М.Позднеев [10–15] қалмақтар мен орыстар қатынастары тарихы жайлы көп жазғанымен саяси-құқықтық кеңістіктегі Қалмақ хандығының пайда болуы мен қаншалықты өмір сүргендігі туралы сөз қозғамаған. Осыған қарағанда көптеген ғалымдар Қалмақ мемлекеттілігін мойындамағанға ұқсайды. Олар Қалмақ хандығын Ресей мемлекеті аумағына қоныс тепкен бірнеше көшпелі қалмақ тайштерінің өзара ұрыс-тартысы ретінде қарастырды және қоныс тепкен қалмақтарды аталмыш мемлекеттік кеңістіктегі жаңа этникалық топ ретінде мойындады. Тарихшы-ғалымдар Қалмақ хандығының саяси-құқықтық кеңістіктегі орнын толығымен жоққа шығарды деп дәлелдеуден аулақпыз.

Кейбір авторлар (Н.В.Устюгов, Т.И.Беликов, М.Л.Кичиков, А.М.Позднеев, К.Н.Максимов, Г.О.Авляев және тағы басқалар) Қалмақ хандығының құрылуын Дайчин тайшпен Мончак тайштың басқаруымен байланыстырса, енді бірсыпырасы (П.С.Преображенская және тағы басқалар) Аюк хан (1669–1724) басқару кезеңімен ұштастыратынын айтып өткенбіз. Сонымен қатар Қалмақ хандығы туралы ірі еңбектердің авторы У.Э.Эрдниевтің (Калмыки. Элиста, 1970) және К.Н.Максимовтың (Калмыкия в национальной политике, система власти и управления России (XVII в. — XX в.). М., 2002) пікірінше, хандық XVII ғасырдың 60-жылдары құрылған. Себебі 1661 жылы Қалмақ хандығымен тұрақты байланыс ұстау үшін патша үкіметі Қалмақ Приказы атты арнайы Елшілік Приказдықтың (патша үкіметінің сыртқы саясатын жүргізетін мекеме. — У.Ш.) бөлімшесі құқығындағы территориялық басқару мемлекеттік органы Мәскеуде құрды. Демек, бұл оқиға Еділ бойындағы қалмақтардың мемлекетін Ресей империясының саяси-құқықтық кеңістігінде жария етуі деп қабылдаған.

Көшпелі қоғамның әлеуметтік ұйымдастырылуы көп сатылы күрделі иерархиялы жүйені құрайды. Бұл жерде қалмақ этностарының қалыптасу тарихына тоқталмаймыз. Әрине, монғол кезеңіне дейінгі Ойрат одағының пайда болуы және құрамы, Еділ бойындағы ойраттар мен қалмақтардың этникалық кезеңге бөлінуі, Ойрат одағы үшін монғолдардың енгізген әскери жүйенің салдары, орта ғасырдағы жоңғарлар (XIII–XVI ғғ.) мен Еділ қалмақтарының (XV–XVI ғғ.) пайда болуы мен құрамы жайлы және т.б. көптеген сұрақтар нақты ғылыми ортада ортақ пікірге келмеген, әлі де зерттелуде.

Қоныс аудару, яғни көшіп кету, — көшпелі қоғамдағы әлді, мықты, ірі әлеуметтік топтың бір-бірімен қайшыласқан, билікке таласқан кезде қолданатын дәстүрлі құрал нысаны. XIV ғасырдың екінші жартысында Шыңғыс хан әулеттері арасындағы дау-дамайдың нәтижесінде, Монғол империясы ыдырап, көптеген ұсақ, уақ бір-бірінен тәуелсіз ноендық иеліктер (ұлыстар) мен хандықтар

құрылды. Ойрат тайштері Батыс Монғолия аумағын мекендеп, тарихта жонғар деген атауға ие болады. Ресей аумағына көшіп келген қалмақтар өздерін басында ойраттар деп атайтын. Ойраттар — қалмақтардың арғы ата-бабаларының атауы. Ал «қалмақтар» деген атау жаңа географиялық, тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты пайда болған.

XVI ғасырдың аяғында ойраттар бірнеше көшпелі ұлысқа бөлінеді, олардың ішінен ең ірілері қатарына келесі әулеттер жатады: дөрбөттер, торғауыттар, хошауыттар және цоростар (чоростар). Ірі ойрат тайштер арасындағы билікке таласу және бір-бірінің қолында шоғырланған билікті мойындамаудың нәтижесінде, кейбір салмақты тайштер көршілес Ресей территориясына қоныс тебуі көшпелілер үшін заңды құбылыс.

XVII ғасырдың басында Сібір жері арқылы қалмақтар (*қалмақ тайштері, яғни белгілі ұлыс иелері.* — У.Ш.) Ресей үкіметімен ресми қатынасқа түсе бастағаны тарихи деректермен дәйектелінеді. 1606 жылы 20 қыркүйекте Тара қаласына торғауыт тайшы Хо-Орлюктің өкілі Катаче Бурулдаев келіп, Ертіс бойына (оның ағысы Камышов және Ишім өңіріне) көшіп-қонып және сауда-саттық жасауға рұқсат сұрайды. Өтініш жауабы күңгірт, бірақ 1606 жылы 20 қазанда Тара воеводасы қызметкерлері казак Томила Алексеев пен Урдыбай татар екеуі Хо-Орлюкке арнайы барып, оның көші-қонысына қатысты келесі тапсырманы жеткізуі тиісті еді: «Кочует на нашей земли, нам не бив челом...» немесе «он похочет под нашею царскою высокою рукою быть», немесе «он бы прислал в город Тару лутчих людей для шерти и укрепления». Ал егер ол қаламаса, онда «он бы шел с наше земли и от соленых озер прочь...» [16]. Бірақ бұл елшілер хабарсыз жоғалып кетті.

XVII ғасырдың басында Ресей патша үкіметінде орталықтандырылған билік және бюрократиялық аппарат қалыптасып келе жатқан кезі, территориялық және елші жіберу мәселесі патша құзыретіне қарайтындықтан, Тара (уезд) воеводасы Сил Иванович Гагарин өзі бағынатын Тобыл (округ) воевода Р.Ф.Троекуров арқылы патша әкімшілігіне хабарласты. Ол 1607 жылы 12 қаңтарда Казан сарайы Приказына (*оңтүстік шекарадағы жаулап алынған жерлердегі әкімшілік, қаржылық, соттық басқару ісін жүргізетін мекеме.* — У.Ш.) жазған Грамотасында Ресей территориясында көшіп-қонып жүрген Хо-Орлюк тайш бастатқан қалмақ-торғауыт ірі тайштерінің атынан өкілдердің келгенін және олардың өтініші туралы хабардар етіп, қалмақтарға қандай жауап беру керектігін сұрады.

1607 жылы 30 наурызда Тара воеводасы С.И.Гагарин мырза патша жарлығымен жазылған Казан сарайы Приказынан Грамота алды. Ол Грамотада Тара воеводасы С.И.Гагариннің қалмақ ұлысына өз адамдары ішінен келесі мазмұнда келіссөз жүргізуге өкілдер жіберуді тапсырады: «Чтоб колмацкие князи и мурзы и всякий улусные люди были под нашею царскою рукою и шерть и утверждение и заклады дали, что им быти вперед под нашею царскою высокою рукою неотступным, и нам ясак с себя платить на вся годы безпереводно, и заклады б они в город на Тару дали, и ясачных волостей, нашим ясачным людем, тесноты не чинили и не побивали, а мы их также велим беречи от недругов оберегати» [17; 21]. Егер шартта көрсетілген жағдайларды орындау мүмкіндігі болса, қалмақтар келіссе, олар өз діни негізінде серттік-шартқа (шерть) отырсын дейді.

Осы кезден бастап Ресей үкіметінің орталық мекемелері қалмақтарды Ресей мемлекеті құрамына енгізудің юридикалық жолдарын іздестіреді. Бұның куәсі Казан сарайы Приказының атынан тапсырма берген боярин Д.И.Шуйский С.И.Гагаринге қалмақтармен жүргізіліп жатқан келіссөздер туралы мағлұматтармен тұрақты хабардар етіп тұруын сұрайды. Демек бұл мәселе патша үкіметін қызықтыра бастады, олардың да саяси мүдделілігі пайда болды.

Ал, Тара воеводасы С.И.Гагарин Казань Приказына жоғырада Грамотаны жібергеннен соң, орталықтан оның жауабын күтпестен, 1607 жылы 27 қаңтарда дөрбөт тайшы Далай-Батырға, торғауыт тайшы Хо-Орлюкке Ресей боданына кіруді ұсынып, сол үшін «ең жақсы, мықты адамдарын» серттік-шартқа отыруға жіберуін сұрап өз өкілдерін аттандырды. 1607 жылы 16 маусымда князь Куготай және татар жігіті Енобай бастатқан өкілдері Далай-Батыр тайш пен Изеней тайштері ұлыстарынан қалмақ тайшы Кугон Тубиев (қарамағында 45 тайш бар бес ірі тайштер атынан Баатыр Янышев, Ичин Уртуев, Ужен Конаев, Юрикт Конаев) бастатқан қалмақ өкілдерімен (құрамы 21 адам) қайта оралды. Осылай қалмақтардың ресми өкілі Коганай Тубеев тайш алғаш рет Тара қаласында Ресей бодандығын қабылдағаны жайлы, патша үкіметі тарапынан Тара воеводасы С.И.Гагарин мырзамен ауызша серттік-шартқа отырады.

Қалмақ тайштерінің жеке дара серттік-шартқа отыру деректері, сонымен қоса ұлыс атынан басқа елге өкіл жіберу машығы, олардың (көшпелілердің) саяси дербес билікке ие, саяси еріктілігінің жоғарлығын және халықаралық саяси кеңістікте өздерін дұрыс ұстау дәстүрдің бар екендігін білдіреді.

XVII ғасырдың бірінші жартысында қалмақ тайштер мен Ресей патша үкіметі атынан шенеуніктер арасында 12 рет серттік-шартқа отырғаны туралы деректер кездеседі [18; 48]. Біріншісі, жоғарыда көрсетіп кеткендей, Тара қаласында 1607 жылы, екіншісі 1608 жылы Мәскеуде бекітілген. Аталмыш серттік-шартқа отыруға жоғарыда аты аталған тайштер қатысқан. Хо-Орлюк тайш бұлардан бөлек көшіп жүрген және серттік-шарт беруге қатыспаған [17; 26]. 1610 жылы Тара воеводасы И.В.Масальскийдің Казань сарай Приказына жіберген Грамотасында үшінші серттік-шарт туралы мәліметтер бар: «А Орлюк и Корсуган тайши добилю челом после тех тайшей и шертовали сами и за улусных людей, как были наши люди у соли, а наше де жалованье с вами к ним не послано» [17;38]. 1616 жылы Тарадан қалмақтарға жіберген Власка Калашников атты казак Тургень тайш, Бутак тайш және Малдышер тайшты алып келіп, серттік-шартқа отырғызды, бұл төртіншісі [17; 44].

Серттік-шартқа отыру барысында қойылатын бірінші кезектегі сұрақ — территория мәселесі. Ол сұрақ шешімін таппады, екі тарапта өз бетінше мәселені көтеріп, ортақ мәмлеге келмеген. В.И.Колесник «Российская корона до середины XVII в. ни разу не дала согласия на расселение калмыков в ее владениях» [18]. Мысалы, 1608 жылы 14 ақпанда Далай-Батыр елшілері Василий Шуйский патшамен көзбе-көз кездескеннен кейін, яғни қалмақтардың Ресей мемлекеті құрамына кірді деген ресми рәсімнен кейін, Мәскеуден Тара воеводасына жіберілген үкімет Грамотасында былай делінген: «...колмацких тайшей Иченея и Баатыря с товарищи и всех улусных людей, выслушав их челбитье, пожаловали, велели им кочевать в Сибирской земле по Иртышу и на Оми реке и по Камышову и в-иных местах, где похотят и велели им под нашею царскою рукою быть навеки неотступным, и ото всех недругов, от Казацкия орды и от Нагай и от Алтын-хана, велели их оберегати и оборняти» [17; 36]. Осылайша, қалмақтар Ресей саяси-құқықтық кеңістігіне бас сұға бастады. Еріктен тыс мынадай сұрақ туындайды: «дәл осы кезде Ресей шекарасы толық анықталған ба, Тара воеводасы өз территориясының көлемін біле ме, шекара қазығы бар ма?» Патша үкіметі Ертіс пен Ом өзені және Камышов бойына және басқа да жерге қоныстануға рұқсат берді, сонымен қоса қай жерді қалады, сол жерге орналаса алады, достық пиғыл танытпағандардан (ноғайлардан, қазақтардан, халхы-монғолдардан) қорғай алатынын Грамотада баяндаған. Серттік-шартта көрсетілген «қалаған басқа жерлер» деген сөздің төркініне үңілсек, патша үкіметі қалмақтардың өзіне қажетті деп таныған кеңістікті көршілес көшпелі елдерден (ноғайлардан, қазақтардан, халхы-монғолдардан) жаулап алуына толық келісім бергенге ұқсайды. Себебі орыс жерінің шекарасы бұл кезде толық анықталмаған еді. Сонымен қоса орыс жері оңтүстігінде қазақтармен, батысында ноғайлармен, шығысында монғолдармен көршілес. Мемлекеттік территориясы ретінде толық рәсімделмеген жерге қалмақтарды қоныстандыру арқылы патша үкіметі өз территориясының құқықтық тұғырын қалай бастады. Осы тұрғыдан қалмақтар өздеріне территория тандап алу мүмкіндігін Мәскеудегі патша рұқсатымен иемденді. Екі ел арасындағы сауда-саттық қатынасы 1624–1625 жылдары белсене түсті, сондай-ақ қалмақтар Ресей мемлекетінің Тара, Тобыл, Тюмень, Чердынь, Уфа, Казань қалаларында сауда-саттық жасауға рұқсат алуы және өз тауарларына салық төлемеу жеңілдігі көшпелі қоғамның қалыпты өмір сүруіне үлкен қолдау болды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, бұрын қалмақтар серттік-шартты воеводаның жіберген өкілдеріне, яғни қалмақ тілін шала түсінетін татарлар мен қазақтарға, беріп жүрген болса, соңғы жолдары патша үкіметінің саяси ортасында беделді, танымалы боярлардың ұлдарына бере бастағаны серттік-шарттың юридикалық маңыздылығының өсе бастағанын көрсетеді.

Серттік-шарттардың юридикалық табиғатын ашу қиын, дегенмен алғашқы сәттен бастап қалмақтар жер сұрағаны, олардың Ресей мемлекеті құрамында жеке дара мемлекеттілік құруға ұмтылғанын байқауға болады және екі жақты міндеттер мен құқықтардың туындау келісімінің екі тарапты, теңдік қағидаға негізделгенін көрсетеді. Ал 1620 жылдардан бастап Ресей патшалығы қалмақтарды бодандығына кіргізгісі келгенін ашық байқатады. 1620 жылы бесінші және алтыншы серттік-шарт бекітілген: Уфа қаласында торғауыт тайшы Хо-Орлюк, хошауыт тайшы Чукур және Ишим хан, оның ұлы Кучумның атынан қалмақтар өкілі келіп, воевод О.Я.Прончищевке серттік-шарт берсе, хошауыт тайшы Байбағас өз ұлысында Уфадан келген «толмач Пятунько Семеновке» серттік-шарт берген [17; 102]. Жетінші, сегізінші серттік-шарттарды 1623 жылға жатқызады. Чорос тайшы Сенгул Тюмень воеводы Ф.Ф.Бобрищев-Пушкиннің қалмаққа жіберген боярдың ұлы Дмитрий Черкасов алдында серттік-шарт берді. Ал дөрбөт тайш Мангит өз ұлысында Уфадағы боярдың ұлы Василий Волков алдында өзі үшін, Далай-Батыр, Хо-Орлюк, Илтер және басқа да 30 ұлыс дөрбөт тайштер үшін серттік-шартқа отырған [17; 121]. 1630 жылы Уфа қаласында Далай-Батырдың ұлы Дорджи «өз әкесі үшін, ағалары атынан, қалмақ халқы атынан», біздің санауымызша тоғызыншы серттік-шартқа отырған [17; 148]. 1632 жылы Хо-Орлюк елшілері Тюмень қаласында өз қожайыны атынан және

өздерімен бірге көшіп жүрген тайштердің атынан, ұлы Далайды кіргізбей (ол бөлек көшіп жүргендіктен), серттік-шартқа отырды, бұл оныншы [17; 190].

1635 жылы Эрдэнэ-Батур-хунтайджи (Чорос әулетінің тайшы Хара-Хулдың ұлы) басқарған Жоңғар хандығы құрылды және Тибетке жақын Кукунор ауданында екінші ойрат хандығы — Туру-Байх (Гуши ханның ұлы) басқарған Хошауыт хандығы құрылуы Ресей патша үкіметін саясатына белгілі өзгерістер енгізуге итермелейді. Патша үкіметі көршілес ойраттарға бір саясат және территориясындағы қалмақтарға бір бөлек саясатты ұстануға мәжбүр болды.

1637 жылы Далай-Батыр тайш қайтыс болғаннан соң, дөрбөт ұлысы бірнеше уақ ұлысқа бөлінді. Хо-Орлюктің ұлы Дайчин тайш ол кезде Жайық пен Еділ және Орал өзендері арасындағы Орал алқабында көшіп-қонып жүрген еді. Хо-Орлюк тайш Жайық пен Эмбі арқылы ұлы Дайчинге қарай бет бұрды. Дайчин тайш Астраханьға жақын Жайық пен Еділ бойына қоныстануға өтініш білдіре бастаған. Ол патша үкіметін өз табандылығымен көндіріп, 1636 жылы рұқсат алды: «ему кочевать по Яику и по Волге, Астрахани блиско...» [2; 66]. 1640 жылы Дайчин мен Хо-Орлюктің елшілері Астрахань қаласында он бірінші серттік-шартқа отырды [2; 55].

1640 жылы қыркүйек айының басында Жоңғар хандығының территориясындағы Тарбағатай тауының Ұлан-Бура шатқалында Халх пен Жоңғар тайштерінің ірі құрылтайында «Монғол-Ойрат заңы» қабылданды. Жоңғардың Эрдэнэ-батыр хунтайжының белсенділігімен шақырылған осы құрылтайға Еділден Хо-Орлюк ұлдарымен келіп қатысты. Құрылтай да тайштер өзара қатынастарын түзеу мақсатын көздей отырып, өзара дау-жанжал, қақтығыстарын құқықтық тежеу ықыласында өтті. Көпке бармай бұл келісімі бұзылды, сондықтан 1642 жылы Хо-Орлюк балаларымен Жайықтың оң жақ жағалауына қоныс аударды, Астрахань жағында Қамыш-Самараға дейін жерді иемденді. 1644 жылы Хо-Орлюк пен ұлы Кересан екеуі бастатқан 10 мыңға жуық қалмақтар ноғай татар мырзасы Қазы ұлысына шабуыл жасап, Кабардин тауында кабардиндер, черкестер, орыстар, казиилектер және ноғайлардан құрылған әскерлерге жеңіліп, өзі және ұлы, немерелері мен 8 мыңға жуық әскерлері қаза тапты [2; 107]. 1645 жылы қалмақ Дайчин тайш мен Эльден тайш орыс патшасына елші арқылы Грамота жіберген: «Бить челом о принятии их под Российскую державу в послушание» [9; 57]. Қалмақ тайштерінің жіберген Грамотасы 1645 жылы маусым айында патшаға хабарланды. Бірақ 1645 жылы 13 шілдеде патша Михаил Федорович қайтыс болды. Жаңа патша Алексей Михайлович бұл мәселені боярин Б.И.Морозовқа тапсырған. Ресей патшалығы қалмақ тайштердің өтінішімен танысып, онды шешім қабылдады. Патша билігі тарапынан мынадай талап қойылды: қалмақ патшалары «аманат» берсін және Қырым хандығына қарсы соғысқа шықсын. Бұл кезде қалмақ тайшы Дайчин Тибетке Далай ламаға жолығуға кеткендіктен бір келісімге келмеді, ол 1647 жылы өз ұлысына оралды. 1648 жылы «ұлыстың мықты адамдары» Дурал-Тархан мен Зюргач Дайчин тайш ұлысы үшін, тайш үшін Уфа қаласы воеводасы Владимир Голубцов жіберген елші мен толмач Василий Киржатцкий алдына серттік-шартқа отырды: «На государевы города и уезды войною не приходит и государевых людей не воевать, и в полон не имать» [19; 107].

1649 жылы шілде айында патша үкіметі Дайчин тайшке башқұрттармен қақтығысын тоқтату үшін Жайық пен Эмбінің ар жағына көшуді ұсынады. Сол жылы жоңғарлар арасындағы қақтығыстардан қашқан хошуыт тайшы Кундулен-Убаши және дөрбөт тайшы Даян-Омбо 20 мыңға жуық халқымен Эмбіге көшіп келеді [9; 58]. Жайылымның жетіспеуіне байланысты Дайчин мен Лаузан тайш Астрахань воеводасынан олар тек өзендер арасында ғана емес, Еділдің сол және оң жақ жағалауына қоныстануына рұқсат сұрайды. Лаузан тайш Астрахань воеводаның нұсқаумен «лаузаны-вы люди побили и в полон поимали государевых людей, которые шли в станице русские люди и татарова с Москвы в Астрахань» [2; 95].

Уфа воеводасы Ф.Я.Милославский 1649 жылы 9 қыркүйекте патша жарлығымен Елшілік Приказы Дума дьякі М.Волошенинов қол қойған Грамотасын алып, 21 қыркүйекте қызметкер И.И.Онучин бастатқан 4 адамды қалмақ тайшы Дайчин ұлысына елші етіп жіберді. Олардың мақсаты астрахандықтар мен қалмақтардың арасындағы шиеленіске кімнің кінәлі екендігін анықтап, қалмақтарды «бұрынғы қонысына қайтару» еді.

1649 жылы 8 қарашада қалмақтардың бас тайшы Дайчин мен И.И.Онучин екеуінің кездесуі болған. И.Онучин Дайчинге неге патша үкіметіне берген, ата-бабаңнан бері келе жатқан серттік-шарт талаптарын бұздың деген сұраққа, ол былай деген: «Отцы -де наши и деды и прадеды от веку в холопстве ни у кого не бывали. Да и в книгах -де у нас того не написано, чтоб мы у ково были в холопстве, а живем -де мы о себе, владеем сами собою и улусными своими людьми. Да и ныне -де мы, окроме бога, никою не боимся, а послами -де мы ссылалися наперед сего и ныне ссылаемся ж о миру и о совете» [9; 58]. Әлбетте, Дайчин тайш дұрыс айтады, жоғарыда көрсетілген серттік-шарттардың

кай-қайсысы да ауызша жасалынған, және де қалмақ тайштері өздері қатыспаған, ылғида өкілдерін жіберіп отырған, олардың жауаптылығы серттік-шартта көрсетілмеген. Ауызша құрылған серттік-шарттың құқықтық салдары жоқ, юридикалық қуатсыз. Демек, қалмақтар ешкімге тәуелсіз және патша үкіметімен қарым-қатынасқа түсу барысында олардың автономды субъект екендігін ескеруді меззейді.

И.Онучиннің «... а кочевали б в прежних своих дальних кочевьях, а меж Яика и Волги, где преж сего калматцкого кочевья не бывало, на государеве ясачых людей земле не кочевали» деген ұсынысына, Дайчин былай деп жауап қайтарған: «Земля -де и воды божьи, а прежде всего та земля, на которых мы и ногацы ныне кочюем, была ногайская... они, ногайцы, ныне стали наши холопы. А наперед сего по тем места и по рекам кочевали они и нам де в тех местах и ныне зачто не кочевать. Да и кочевать -де нам, окроме тех мест негде» [17; 355]. Бұл дау ұзаққа созылды. Көші-қон мен сауда-саттық мәселесін шешу үшін аманат бере отырып, серттік-шартқа отыруды талап етті. Қойылған талап орындалып, серттік-шартқа отырды. Бірақ қалмақтар аманатын бермеді, патша үкіметі қоныс мәселесін шешпеді. 1655–1657 жылдары Ресейдің әлеуметтік-саяси жағдайы өте ауыр күйде болды, 1654 жылы басталған соғыс шеңбері ұлғайып әскери күш қажеттілігі арта түсті. Осы тұсты пайдаланып, 1655 жылы 4 ақпанда Ресей мен қалмақтар арасындағы шарттық қатынастың негізін қалайтын, юридикалық күші бар тұңғыш құқықтық құжат — Шарттық жазба бекітілді. Бұл Жазбаға қалмақ елшілері Дурал-Тархан, Серен тайш, Чокул зайсанг, Дайчин тайш, Лаузан тайш, Санжин тайш, Мончак тайш, Нима Серен тайш және олардың ағалары мен балалары, немерелері және барлық ұлыстарының атынан серттік берді: «Быть «в вечном послушанье» у самодержца; не поддерживать отношений с государевыми непослушниками и изменниками; не нападать на российские города, уезды, деревни, учуги; не убивать, не брать в полон, не грабить царских подданных; вернуть всех пленных, захваченных в предшествовавшие годы; выдать изменников — татарских мурз, ранее откочевавших под власть калмыков; не наносить бесчестья послам и притеснять. А где Государь укажет быть нашем Калмыцким Тайшам и нам с Государевыми изменники и с не послушники битись до смерти, не щадя голов своих... его Царскому Величеству не изменить, его Государевых людей не подать и хитрости над ними ни какия не чинить. За невыполнение предусмотренных условий шертной записи должны были последовать «божий гнев и огненный меч, и будем бы прокляты...» [20; 356].

Тұңғыш жазбаша құқықтық құжатқа қарағанда, қалмақтар Ресей бодандығына енсе де, өз дербестігін сақтап, Ресей үкіметі тарапынан қойылған міндеттерді бұлжытпай орындайтындығын мойнына жүктеді. Демек, міндеттемелері әскери-саяси сипатта екендігін шарт мәтінінен байқауға болады. Жоғарыда аталған шарт жазбасына қол қойылған соң, Елшілік Приказ Алексей Михайлович патшаның жарлығымен сол жылы сәуір айында Астрахань, Казань және т.б. Еділ бойындағы қалалар воеводтарына қалмақтардың көші-қон территориясын бекіткен Грамотаны таратты. Грамотада былай деп жазылған: «улусам их велено кочевать по Волге по ногайской стороне, и по Ахтубе, и по Белужью или близко наших городов, где они кочевать похотят», сонымен қоса орыстарға, башқұрттарға және шет елдіктерге бағыттап, қалмақтарға зиян тигізбендер деп ескертті [19; 112].

1657 жылы 30 наурызда Дайчин тайштың ұлы Мончак тайш және Дайчин тайштың немересі, Даян-Эркенің ұлы Манжик тайш Астрахань қаласында серттік-шартқа қол қойды. Сонымен қоса алдын ала келісілген Дайчин тайштың жақын туыстары 3 адамды аманатқа берді. Осы серттік-шартта алғаш рет «быть вечном подданстве и послушании» деген ұғымды қолдану арқылы, «государь және холоп» деген монархиялық державаға тән қатынасты сипаттайтын формула қолданылғаны туралы К.Н.Максимовтың еңбегінде жазылған [9; 62]. Ресей саяси-құқықтық кеңістігіне кірген қалмақтардың саяси және әлеуметтік мәртебесі өзгере бастады. Олар аманат беру, Ресей саяси аренасында жүргізіліп жатқан соғыстарға белсене қатысу арқылы өздеріне деген патша үкіметі саясатының бағытын басқа арнаға бұра алды. 1658 жылы тағы да бір серттік-шартқа қол қойысты. Осыдан кейін Мәскеуден қалмақ ұлысына арнайы дипломатиялық елшілер жіберілді. Елшілерді Елшілік Приказының дьякі И.С.Горохов басқарды, құрамына Астрахань воеводы князь Г.С.Черкасский, оның немере інісі кабардин ірі князі К.М.Черкасский (*Дайчин тайштың күйеу баласы*. — У.Ш.) кірді. Олар өздерімен бірге патшаның беріп жіберген көп сыйлығын әкеліп, таратты (жалпы құны 1074 рубль), негізгі мақсаты — оңтүстік-шығыс шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондықтан патша үкіметі қалмақтарға сенімді болу үшін тағы да серттік-шарт бекітуді көздеген. 1661 жылы 8 маусымда Дайчин тайш пен Мончак тайш өкілдері және 9 желтоқсанда Мончак тайш өзі серттік-шартқа отырды. Соңғы серттік-шарттың мазмұны келесідей: «Даю шертъ... Я калмыцкой Бунчук Тайша за себя и за отца своего Дайчина Тайшу Урлюкова, и за племянника своего Монжика Ялба Тайшу же, и за иных Тайшей, и за улусных своих Калмыцких родственных владельных людей, которые с нами

вместе кочуют, и за Нагайских, и за Едисанских, и за Енбулацких, и за Малисбашских, и за Келечинских Мурз, и за их детей, и братью, и племянников, и за внучат, и за улусных их людей» [20]. Осы серттік-шартқа Мончак ханның ұлы Аюк мен Г.С.Черкасскийдің немересі Абухан екеуінің некеге отыратындығы туралы келісімі тіркелген [18; 85].

П.С.Преображенскаяның, Н.В.Устюговтың, М.Л.Кичиковтың, Т.И.Беликовтың және К.Н.Максимовтың пікірінше, «1657 жыл — қалмақтардың Ресей мемлекеті құрамына өз еріктерімен кіру үрдісінің аяқталған жылы», ал 1655, 1657 және 1661 жылғы серттік-шарттар — оның юридикалық рәсімделуі.

1655, 1657 және 1661 жылғы құқықтық құжаттар Ресей империясының заңдарының толық жинағына кіру арқылы қалмақтардың Ресей бодандығына енгенін және этникалық территориясына ие болғанын дәлелдейтін құқықтық базаны қалыптастырды. 1649 жылғы Собор Уложениясының XVI тарауы 41-бабында былай делінген: «Кто получил земли «по государевым грамотам, а иные по боярским грамотам» и «государеву службу служба, и у них тех земель не отнимать»» [21]. 1655–1661 жылдар аралығында патша үкіметі мен қалмақтар арасында 5 рет серттік-шарт бекітілген [19; 12].

1661 жылы Қалмақ хандығымен тұрақты байланыс ұстау үшін патша үкіметі Қалмақ Приказы атты арнайы Елшілік Приказдықтың бөлімшесі құқығындағы территориялық басқару мемлекеттік орган Мәскеуде құрылды. Осыған дейін Малороссийскіні, Смоленскіні, Литовскіні және т.б. басқаратын мұндай Приказдар құрылған екен. 1661 жылы құрылған Қалмақ Приказының мақсаты — қалмақтармен үкімет орталық органдарының қатынасын жүзеге асыру барысын, қалмақтардың әскери жорыққа қатысуын ұйымдастыру мен үйлестіру. Әрине, аталмыш органды құрып, орталық басқару жүйесіне енгізу арқылы патша үкіметі өз саяси-құқықтық кеңістігінде Қалмақ мемлекетінің құрылғанын мойындады.

1664 жылы жаз айында Мончак тайшке патша үкіметі қалмақ басқарушысы ретінде «алтынмен көмкерілген, яшмамен безендендірілген күміс түйреуіш және ақ және қызылмен жолақталған ортасында Ресей мемлекетінің елтаңбасы (екібасты бүркіт және жыланды жеңіп жатқан атты адам) бар патша белгісін» сыйға тартты. Түйреуіш мемлекет рәмізі ретінде кейбір халықтардың билік өкілдеріне берілетінін М.Л.Кичиков жазған. Мысалы, Донның әскери аға атаманы және Запорожец өңірінің әскери гетманы [22; 83] алған.

XVII ғасырдың 60-жылдары Қалмақ мемлекетінің тұрғындары 1663 жылы Жоңғардан көшіп келген 100 мыңға жуық адамдармен бірге 400 мыңға жуық халықты құраған. Қалмақ территориясындағы барлық ұлыстар Мончак тайштың билігін мойындап, оның қол астына шоғырланып, ресей бодандығына енді [4; 22] деп жазады М.Л.Кичиков.

Қалмақтар Ресей территориясына қоныс тепті, белгілі территорияны құқықтық негізде (серттік-шарт, патша грамотасы) иемденді. Осы кезге дейін қалмақ қоғамы көшпелілерге ғана тән заңдылықпен дамып жатты. Әр ұлыстың басқарушы тайшы аристократиялық шыңғыс тұқымынан, оған ұлыс мұрагерлік жолмен берілген және шаруашылық дербестікте, әскери жорықтарда (пайда көзінің тұрақсыздығы), тайш билігін шектесе және қолында шоғырланған биліктің үстемдігін мойындамаған кезде белгілі шеңберде дербес билікке ие. Көшпелілерді орталық басқару бір жағынан қарағанда әлсіздеу көрінгенімен, қажетті жағдайда, яғни белгілі жалпыға бірдей істі тындыру кезінде, мықты іскер, тез қимылды толық орталықтандырылған қашықтықтан (дистанциялы) басқарылатын ұйымдастыру қызметімен ерекшеленеді. Билік тек бір тайштың ғана қолына шоғырланбаған, басқарушы әулет мүшелері тең (императивтік) дауысқа ие, яғни дәстүрлі, дала, әскери, аристократиялық демократия белгілері басым. Көшпелі қоғамда хан немесе басқарушы тек халықтың мүддесін қорғауы тиіс, билікті заңдастыру ұлыс тұрғындарының сенім білдіруімен тікелей байланысты. Көшпелі мемлекетте басқарушы (хан) аристократ пен қарапайым көшпендінің арасындағы қатынасты тежеп, бір қалыпта ұстап тұруы керек. Көшпелі мемлекеттегі билік ұлыстар мен кез келген көшпенді оған немесе оларға пайдалы болғанда ғана өмір сүре алады. В.В.Радлов көшпелілердің ханы жайлы: «Чем больше выгод доставляет он своим подданным, тем самостоятельнее становится и его власть и тем значительнее собирается вокруг него государство» [22; 65], — деді.

1661 жылдан кейін қалмақтар мен патша үкіметі серттік-шартқа отырмағаны, қалмақтардың өз мемлекетін хандық нысанда құрғанын, патша үкіметі Мончак тайшты Қалмақ ханы ретінде мойындап, Қалмақ хандығының ресей боданы ретінде саяси-құқықтық мәртебесін анықтайтын құқықтық құжат 1661 жылғы серттік-шарт болып саналды. Қалмақтар Ресейдің саяси-құқықтық кеңістігіне кіріп, ұлттық мемлекеттілігін құрып алған соң, Ресей мемлекетінің мүддесін және қауіпсіздігін қорғауға белсене қатысты. Мончак ханның ұлы Аюк хан таққа отырғанының белгісі ретінде және осы

тұстағы Қалмақ хандығының саяси-құқықтық мәртебесін анықтау үшін 1673 жылы 27 ақпанда серттік-шартқа отырды.

1664 жылы Ресей мемлекеті құрамында хандық нысанда Қалмақ мемлекеті құрылды, хандық билік 1771 жылға дейін саяси кеңістікте билік құрды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Авляев Г.О.* Происхождение калмыцкого народа. — 2-е изд., перераб. и испр. — Элиста: Калм. кн. изд-во, 2002.
2. *Кичиков М.Л.* Исторические корни дружбы русского и калмыцкого народов. Образование Калмыцкого государства в составе России. — М.: Наука, 1962.
3. *Пальмов Н.Н.* Очерки истории калмыцкого народа за время его пребывания в пределах России. — Астрахань, 1922. — 139 с.; Этюды по истории приволжских калмыков. — Ч. IV, V. — Астрахань, 1926–1932. — Ч. 1. — 260 с.; Калмыки и донские казаки в XVII–XVIII вв. Неопубл. рук. ЦГА Калмыкой АССР. — Ф.Р 145. — Оп. 1. — Ед.хр. — М.: Наука. — С. 246.
4. *Преображенская П.С.* Калмыки в I-й половине XVII века. Принятие калмыками (торгоутами и дербетами) русского подданства: Автореф. дис... канд. ист. наук. — М., 1963. — С. 16.
5. *Златкин И.Я.* История Джунгарского ханства. — М., 1964. — С. 232.
6. *Беликов Т.И.* Калмыки в борьбе за независимость нашей Родины. — Элиста: АН СССР, 1965. — 176 с.
7. *Бембеев В.Ш.* О родоплеменных делениях и особенностях улусо-аймачной административной системы калмыков (XVII–XIX вв.) // Проблемы этногенеза калмыков. — Элиста: КНИИИФЭ, 1984. — С. 59.
8. *Эрдниев У.Э.* Калмыки. Историко-этнографические очерки / КНИИЯЛИ. — Элиста, М.: Наука, 1970. — С. 22.
9. *Максимов К.Н.* Калмыкия в национальной политике, система власти и управления России (XVII в. – XX в.). — М.: Наука, 2002. — 524 с.
10. *Бакунин В.М.* Описание калмыцких народов, а особливо из них торгоутского, и поступков их ханов и владельцев. Соч. 1761 года / Вступит. сл. М.М.Батмаева. — Элиста: Калм. кн. изд-во, 1995. — С. 153.
11. *Бичурин Б.Я.* [Иакинф]. Историческое обозрение ойратов, или калмыков, с XV столетия до настоящего времени // ЖМВД. — 1833. — № 5. — Ч. VIII. — С. 36–111; № 7. — Ч. IX. — С. 280 — 325; № 8. — Ч. IX. — С. 381–445.
12. *Нефедьев Н.А.* Подробные сведения о волжских калмыках, собр. на месте Н.Нефедьевым. — СПб.: К.Крайя, 1834. — VIII. — С. 290.
13. *Костенков К.* Статистико-хозяйственное описание Калмыцкой степи Астраханской губернии. — СПб., 1868. — 174 с.; Исторические и статистические сведения о калмыках, кочующих в Астраханской губернии. — СПб., 1870. — С. 170.
14. *Новолетов М.* Калмыки: Исторический очерк. — СПб., 1886. — С. 32.
15. *Позднеев А.М.* Астраханские калмыки и их отношение к России до начала нынешнего столетия // ЖМНП. — 1866. — Ч. 244. — С. 140.
16. *Соловьев С.М.* Сочинения. — М., 1992. — Кн. IV: История России с древнейших времен. — Т. 7/8. — М.: Наука. — С. 365.
17. Материалы по истории русско-монгольских отношений, 1607–1636 гг.: Сб. док. — М.: Наука, 1959. — 352 с.
18. *Колесник В.И.* Последнее великое кочевье: Переход калмыков из Центральной Азии в Восточную Европу и обратно в XVII и XVIII веках. — М.: Вост. лит., 2003. — С. 48.
19. Очерки истории Калмыцкой АССР: Дюктябрьской период. — М.: АН СССР, 1967. — 479 с.
20. Полное собрание законов Российской империи. — Т. 1. — Собр. 1. № 145. — М.: АН СССР, 1976. — С. 316.
21. Крестьянская война под предводительством Степана Разина: Сб. док. — Т. IV. — Доп. — М., 1976.
22. *Радлов В.В.* К вопросу об уйгурах. (Приложение к LXXII-му тому Записок Имп. акад. наук). — СПб., 1893. — № 2. — С. 82.